

Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану қағидасын, сондай-ақ республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған айрықша экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де құндылықты білдіретін жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қарашадағы N 1212 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 437 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 16-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесі;

2) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану қағидасы;

3) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған айрықша экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де құндылықты білдіретін жер қойнауы учаскелерінің тізбесі бекітілсін.

2. "Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін, оларды ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану ережесін, сондай-ақ айрықша экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де құндылықты білдіретін, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған жер қойнауы

учаскелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 657 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 27, 337-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2010 жылғы 18 қарашадағы

№ 1212 қаулысымен

бекітілген

**Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесі**

**1. Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық объектілері**

**Ақмола облысы**

1. Аютас тауы
2. Бурабай тауы
3. Жеке Батыр тауы
4. Көкшетау тауы
5. Лысая тауы
6. Үлкен Бүркітті тауы
7. Малиновая өзеніндегі жал
8. Зеренді көліндегі жасыл мүйіс
9. Жұмбақтас тас аралы
10. Зеренді көлінің жанындағы қызыл күрең мүйіс
11. Зеренді көліндегі алыптар жағажайы
12. Бастион жартасы
13. Оқжетпес жартасы
14. Сұңқар ұясы жартасы
15. Пахомовка жартасы
16. Үш апалы-сіңлі жартасы
17. Қарамай шоқысы
18. Өрт байқау шоқысы
19. Қашқын шоқысы

## **Ақтөбе облысы**

20. Әулие алқабы
21. Тікбұтақ бұлағындағы палеоген және кейінгі бор жасындағы өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарының мол орналасқан орны
22. Ақтасты өзеніндегі төменгі пермь жасындағы цефалопод қалдықтарының мол орналасқан орны
23. Ақтасты рифінің төменгі пермь жасындағы су балдырларының рифтік әктастары
24. Бөртебей бұлағындағы әктасты-терриген қабаты
25. Жаманшы шатқалындағы кратер
26. Қызылтөбе төбесіндегі олигоцен жасындағы өсімдіктердің таңбалары
27. Жалғызтау палеожанартауы
28. Көкжиде құмы
29. Оңтүстік Ақтолағай үстірті
30. Оңтүстік Жамантау руда кеніші
31. Әлімбет өзеніндегі серпентинитті меланж (девон-карбон)
32. Домбар қырқасындағы ерте карбонды аммоноидтардың жиналуы
33. Боқтықарын тұз күмбезі. Төменгі - жоғарғы Маастрихт шекарасы
34. Шуылдақ палеожанартау ауданы

## **Алматы облысы**

35. Озерная өзенінің жоғарғы сағасындағы Городецкий және Моренный белсенді тас глетчерлері

## **Шығыс Қазақстан облысы**

36. Таған кен орнының оңтүстік-батыс бөлігіндегі саз балшықты жанартаулар
37. Үлкен Тектұрмас шатқалындағы пермь құмдарының табылуы
38. Ашутас тауы
39. Белуха тауы
40. Қиын Керіс тауы
41. Тәжтауы
42. Делбегетей учаскесінің алуан түрлі қымбат бағалы және жартылай қымбат бағалы тастары мол гранитті алқабы
43. Ақжайлау алқабы

## **Жамбыл облысы**

- 51. Байжансай девон-таскемір рифі
- 52. Батырбай өзеніндегі сай бойындағы кембрий мен ордовик

### **Батыс Қазақстан облысы**

- 53. Айдарлы тауы
- 54. Ақтау тауы
- 55. Алмастау тауы
- 56. Большая Ичка тауы
- 57. Сантас тауы
- 58. Сасай тауы
- 59. Шатырлы тауы
- 60. Бұлдырты өзенінің жоғарғы сағасындағы Қараағаш құмы
- 61. Утва, Бұлдырты және Қалдығайты өзендерінің бастауындағы борлы таулар
- 62. Шолақаңқаты және Есананқаты өзендерінің жоғарғы сағаларындағы бор қалдықтары
- 63. Семиглавый Мар ауылындағы борлы төбешіктер
- 64. Қалдығайты өзенінің жоғарғы сағасындағы Аққұм құмы
- 65. Шилі өзені мен Жақсыбай өзенінің аралығындағы Көкөзекқұмы және Қарағандықұмы құмдары

### **Қарағанды облысы**

- 66. Ақ аю тауы
- 67. Бұғылы тауы
- 68. Жирен сақал тауы
- 69. Көктөбе тауы
- 70. Тар кезең тауы
- 71. Шаңкөз тауы
- 72. Жасанды Қалмақ дуалы кұрылысы
- 73. Алтынтөбе шатқалындағы диоптаз кен орны
- 74. Шокпақ шатқалындағы малахит кен орны
- 75. Сарықұлболды шатқалындағы хризопраз кен орны

### **Қызылорда облысы**

- 76. Қызылжар шатқалындағы жоғарғы бор өсімдіктері қалдықтарының орналасқан орны

77. Алтын Шоқысу шатқалындағы палеоген-неогенді өсімдіктер қалдықтарының орналасқан орны

78. Құмсуат шатқалындағы жапырақтар таңбаларының және теңіз жануарлары қалдықтарының орналасқан орны

### **Қостанай облысы**

79. Жаман Қайыңды шатқалындағы палеоген-неоген өсімдіктері қалдықтарының орналасқан орны

80. Улы Жыланшық, Дулығалы, Үлкен өзендерінің жазығындағы (Түрме және Сазынбай қырқасы) омыртқалы жануарлардың қалдықтарына бай неоген қабаттарының стратотипикалық қималары

### **Маңғыстау облысы**

81. Ақмыштауы
82. Бекі Басқұдық тауы
83. Босаға Көкөсем тауы
84. Шығыс және Батыс Қаратау таулары
85. Жармыш Жапырақты тауы
86. Қараған Босаға тауы
87. Қарақия тауы
88. Қарамаю тауы
89. Қаратаушық тауы
90. Қарашек тауы
91. Қарынжарық тауы
92. Құнанбай тауы
93. Тұщыбек тауы
94. Тынымбай тауы
95. Өзентауы
96. Шайыр Сарыкез тауы

### **Павлодар облысы**

97. Сырғалы шатқалындағы родипгиттер көріністерінің тобы
98. Алпыс шатқалындағы бирюза кен орны
99. Қалмаққырған шатқалындағы тау хрусталінің кен орны
100. Ақшиман шатқалындағы агаттар көрінісі
101. Тайғын шатқалындағы бирюза көрінісі

## **Солтүстік Қазақстан облысы**

102. Айыртау гранит алқабы
103. Имантау гранит алқабы
104. Александров ойпатындағы ірі теңіз моллюскаларының ядролары бар ашық балшықтар
105. Имантау көліндегі Казачий аралы
106. Петропавл Батыс ашық жері. Миоцен жасындағы балықтар мен сүт қоректілер фаунасының қалдықтары
107. Петропавл Солтүстік ашық жері. Төменгі ширек жастағы омыртқасыздар фаунасының қалдықтары
108. Көне гранит алқабы
109. Қазан жартасты шөгінділері
110. Қостау шоқысы
111. Шолғыншы шоқысы
112. Сүйір шоқы
113. Расколотая шоқысы

## **Оңтүстік Қазақстан облысы**

114. Жаңықорған өзені бойындағы жоғарғы девон-төменгі карбон
115. Қатынқамал өзені бойындағы жоғарғы девон
116. Түлкібас станциясы маңындағы рифтік құрылыстары бар жоғарғы девон
117. Келіншектау тауы
118. Мыңжылқы тауы
119. Қаратау юра бассейні
120. Байсай өзені бассейніндегі карбон
121. Жертапсай өзені бойындағы карбон
122. Ұя өзені бойындағы карбон
123. Арпаөзен өзені бойындағы трилобиттер қалдықтары мол кембрий мен ордовик
124. Әулие кен орны
125. Ақсу өзенінің сол жағалауындағы, Жабағылы тауындағы төменгі және орта ордовик
126. Орта карбон - Қаржантау тауындағы төменгі пермь

## **2. Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорық қорының геоморфологиялық объектілері**

### **Ақтөбе облысы**

127. Айдарлы аша өзенінің жазығы
128. Жақсы Қарғалы өзенінің сол жағалауындағы карсттық ландшафт
129. Сүтқоректілердің сүйек қалдықтары сақталған Шалқарнұра жартастары

### **Алматы облысы**

130. Жарсай өзенінің жоғарғы сағасы
131. Түрген өзенінің оң сағасындағы Ерлер мен Әйелдер көз жасы сарқырамасы
132. Есік жазығының жоғарғы сағасындағы алып тас глетчері
133. Рельефі экзотикалық нысандағы Асы өзенінің каньоны
134. Шарын каньоны
135. Жер астынан шыққан Жусалыкөл көлі
136. Жер астынан шыққан Есік көлі (Жасылкөл)
137. Түрген өзенінің оң жағалауындағы эрозиялық су шайған және бүлінген ғажап пішіндегі бояуы алуан түрлі жартастар

### **Шығыс Қазақстан облысы**

138. Арасан өзеніндегі Арасан сарқырамасы
139. Көккөл өзеніндегі Көккөл сарқырамасы
140. Язовая өзеніндегі Язовой сарқырамасы
141. Гранит қалдықтарының "Желілік бағандар" геосәулет кешені
142. Қара Берел өзеніндегі сарқырамалар каскады
143. Рахманов көліндегі Рахманов сарқырамасы

### **Батыс Қазақстан облысы**

144. Қараағаш құмындағы Сарқырама өзеніндегі Сарқырама су құламасы
145. Жалпы Сырт үстіртіндегі борлы қалдықтар
146. Алебастр жары
147. Ақбалшық жары
148. Жамбыл жары
149. Долинный жары
150. Қызылмектеп жары
151. Полоусов жары
152. Сауркин жары
153. Упорный жары

## **Қарағанды облысы**

- 154. Үш-үңгір кешені
- 155. Үлкен палата тас үңгірі

## **Қостанай облысы**

156. Терсек үстіртінің жартасы және терсек шоғырының қималары бар Қызбелтау тауы

## **Маңғыстау облысы**

- 157. Карстық Булы Ойық үңгірі
- 158. Карстық Қараған Босаға үңгірі
- 159. Карстық Өтебай үңгірі

## **Павлодар облысы**

- 160. Драверт үңгірі
- 161. Құмыра үңгірі
- 162. Әулие үңгірі
- 163. Қоңырәулие үңгірі
- 164. Айманбұлақ аңғары
- 165. Тас ғажаптары аңғары
- 166. Рахай аңғары
- 167. Үшсала аңғары

## **Солтүстік Қазақстан облысы**

- 168. Лобаново көліндегі үңгірі бар сарқырама
- 169. Шалқар көлінің жағалау дауалдары мен жарқабақтарының кешені
- 170. Имантау көлінің жағалау дауалдарының кешені

## **Оңтүстік Қазақстан облысы**

- 171. Кіші Қайыңды аңғарындағы сарқырама
- 172. Аққұз өзенінің каньоны
- 173. Ақсу өзенінің каньоны
- 174. Баялдыр өзенінің жазығындағы Ақтас үңгірі
- 175. Кеңөзен аңғарындағы Балағайын үңгірі
- 176. Бестоғай үңгірі



- 177. Кеңестөбе үңгірі
- 178. Қазанбұлақ бұлағы бар үңгір
- 179. Шарқойлы үңгірі
- 180. Ұлушыр шахта-үңгірі
- 181. Хантағы өзенінің жайылмасы
- 182. Дарбаза қақпа жартасы

### **3. Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорық қорының гидрогеологиялық объектілері**

#### **Ақтөбе облысы**

- 183. Көкжиде жерасты сулары

#### **Алматы облысы**

184. Алма-Арасан шатқалындағы тектоникалық қиынды бойындағы радон минералды суларының табиғи шығымы

185. Кіші Алматы өзенінің сол жақ сағасындағы Күйгентас өзенінің атырабындағы минералды күкірт қышқылы көзі

186. Көкжайлау шатқалындағы Тікбұтақ өзенінің Терісбұтақ бұлағының көзін эрозиялық сипатта басып алуы

#### **Шығыс Қазақстан облысы**

- 187. Жеменей минералды су көздері
- 188. Рахманов радон бұлақтары
- 189. Арасан-Талды жылы және минералды су көздері

#### **Батыс Қазақстан облысы**

- 190. Әлжансор көлінің саз балшығы
- 191. Қабылтөбе ауылындағы минералды су көзі

#### **Қарағанды облысы**

- 192. Қарасор көлдерінің тобы
- 193. Сфагнов батпағының учаскесі

#### **Маңғыстау облысы**

- 194. Ақмыш бұлақтарының тобы
- 195. Кендірлі бұлағы

- 196. Тамшылы бұлағы
- 197. Түйесу бұлағы
- 198. Өнере бұлағы
- 199. Сауысқан ұңғымасы

## **Павлодар облысы**

- 200. Әулиебұлақ бұлағы
- 201. Тілеубұлақ бұлағы

## **Оңтүстік Қазақстан облысы**

- 202. Көксай көлдері

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 18 қарашадағы  
№ 1212 қаулысымен  
бекітілген

## **Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" (бұдан әрі - Заң) 2006 жылғы 7 шілдедегі және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңдарына сәйкес әзірленді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (бұдан әрі - ЕҚТА) республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін (бұдан әрі - объектілер) шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Объектілерді шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану объектілерді сақтау мен қалпына келтіруді ескере отырып, сондай-ақ оларға зиянды әсерді жойып, ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік және рекреациялық мақсаттарда және шектеулі шаруашылықтағы қызмет үшін жүзеге асырылады. Заңға сәйкес мемлекеттік табиғи қорықтардың аумағында, сондай-ақ мемлекеттік ұлттық

табиғи парктер мен мемлекеттік табиғи резерваттардың қорық режимі аймақтарында объектілерді шектеулі шаруашылықта пайдалануға тыйым салынған.

3. Объектілерді шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалануды жеке және заңды тұлғалар олар орналасқан республикалық немесе халықаралық маңызы бар ЕҚТА-тың ЕҚТА саласындағы уәкілетті орган бекітетін паспортына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Қағидада мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады :

табиғат қорғау мекемелері - мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган - ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару, бақылау, күзету және қорғау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## **2. ЕҚТА-дағы объектілерді шектеулі шаруашылықта пайдалану тәртібі**

5. Объектілерді шектеулі шаруашылық пайдалану Қазақстан Республикасының ЕҚТА саласындағы заңнамасында белгілеген тәртіппен жазбаша өтініштер негізінде ЕҚТА паспортында көзделген қызмет түрлеріне табиғат қорғау мекемелері орналасқан аумақтағы осы мекемелер беретін рұқсаттар бойынша жүргізіледі.

6. Объектілерді пайдалануды реттеу мақсатында рекреациялық жүктелім мен жанама орман пайдаланудың жол берілетін нормаларын ескере отырып, табиғат қорғау мекемесінің әкімшілігі рұқсаттар беру журналын жүргізеді.

Журнал нөмірленеді, жіппен тігіледі және оған табиғат қорғау мекемесінің мөрі басылады.

7. Объектілерді пайдаланғаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем жасанды.

8. Шектеулі шаруашылықта пайдалану кезінде:

1) елді мекендерді, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және мелиорация, энергетика, көлік және байланыс, әскери және қорғаныс объектілерін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсаттарымен және жұмыс істеуімен байланысты емес өзге де объектілерді және құрылыстарды орналастыруға және салуға;

2) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, сондай-ақ радиоактивті материалдарды қоймада сақтауға және көмуге;

3) су айдындарын сарқынды сулар құю үшін пайдалануға;

4) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, қоршаған ортаға зиянды физикалық әсерлерді қолдануға;

5) пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге, пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға;

6) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге, шайыр, екінші дәрежелі орман материалдары мен ағаш сөлдерін дайындауға;

7) қорғалатын ландшафттардың табиғи көрінісін өзгертуге немесе экологиялық жүйелердің орнықтылығын бұзуға әкеп соғуы мүмкін жұмыстарға;

8) үйлер мен құрылыстар, жалпы қолданыстағы жолдар, құбырлар, электр тарату желілерін және өзге де коммуникациялар салуға;

9) мемлекеттік геологиялық зерттеуге және ғылыми ізденістермен байланысты емес әртүрлі ізденіс жұмыстарына;

10) ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, гидроэнергетика, су көлігінің суға қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жерүсті және жерасты суларын пайдалануға;

11) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз табиғи ортадан жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтарын, сланецтер, минералдар алып, коллекциялар жинауға және ғылыми зерттеулер жүргізуге;

12) құрылыстарға, ағаштар, тастар және жартастарға жазулар жазуға және суреттер салуға;

13) топырақ қабатын тұрмыстық қоқыспен және қалдықпен ластауға жол берілмейді.

9. Объектілерді жеке және заңды тұлғалар шектеулі шаруашылықта пайдалану кезінде объектілерге және оларға жақын табиғи кешендерге зиянды әсер ететін тәртіп бұзушылықтар анықталған жағдайда көрсетілген жеке және заңды тұлғалардың қызметі Заңға сәйкес тоқтатыла тұрады немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 18 қарашадағы  
№ 1212 қаулысымен  
бекітілген

**Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған айрықша экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де құндылықты білдіретін жер қойнауы учаскелерінің тізбесі**

**Ақмола облысы**

**"Бурабай" мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі**

1. Аютас тауы
2. Бурабай тауы
3. Жеке Батыр тауы
4. Көкшетау тауы
5. Лысая тауы
6. Үлкен Бүркітті тауы
7. Жұмбақтас тас аралы
8. Бастион жартасы
9. Оқжетпес жартасы
10. Сұңқар ұясы жартасы
11. Пахомовка жартасы
12. Үш апалы-сіңлі жартасы

### **"Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

13. Лобаново көліндегі үңгірлі сарқырама
14. Малиновая өзеніндегі жал
15. Зеренді көліндегі көк мүйіс
16. Зеренді көлінің жанындағы қызыл күрең мүйіс
17. Зеренді көліндегі алыптар жағажайы
18. Қарамай шоқысы
19. Өрт байқау шоқысы
20. Қашқын шоқысы

### **Алматы облысы**

#### **Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

21. Озерная өзенінің жоғарғы жағындағы Городецкий және Моренный белсенді тас глетчерлері
22. Жарсай өзенінің жоғарғы сағасы
23. Түрген өзенінің оң сағасындағы Ерлер мен Әйелдер көз жасы сарқырамасы
24. Есік жазығының жоғарғы сағасындағы алып тас глетчері
25. Алма-Арасан шатқалында тектоникалық қиынды бойынша радон минералды суларының табиғи шығымы
26. Кіші Алматы өзенінің сол жақ сағасындағы Күйгентас өзенінің атырабындағы минералды күкірт қышқылы көзі
27. Жер астынан шыққан Жусалыкөл көлі
28. Жер астынан шыққан Есік көлі (Жасылкөл)

29. Түрген өзенінің оң жағалауындағы эрозиялы су шайған және бүлінген ғажап пішіндегі бояуы алуан түрлі жартастар

30. Көкжайлау тау алқабындағы Тікбұтақ өзенінің Терісбұтақ бұлағының көзін эрозиялық сипатта басып алуы

### **Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

31. Шарын каньоны

### **Шығыс Қазақстан облысы**

#### **Қатон Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

32. Арасан өзеніндегі Арасан сарқырамасы

33. Көккөл өзеніндегі Көккөл сарқырамасы

34. Язовая өзеніндегі Яз сарқырамасы

35. Белуха тауы

36. Тәж тауы

37. Қара Берел өзеніндегі сарқырамалар каскады

38. Рахманов радон бұлақтары

39. Рахманов көліндегі Рахманов сарқырамасы

40. Көккөл руднигі

### **Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы**

41. Гранит қалдықтарының "Желілік бағандар" геосәулет кешені

### **Батыс Қазақстан облысы**

#### **Кирсанов мемлекеттік табиғи қамалы**

42. Алебастр жары

43. Ақбалшық жары

44. Жамбыл жары

45. Долинный жары

46. Қызылмектеп жары

47. Полоусов жары

48. Сауркин жары

49. Упорный жары

### **Қарағанды облысы**

#### **Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

50. Жирен сақал тауы
51. Үш үңгір кешені
52. Жасанды қалмақ дуалы құрылысы
53. Үлкен палата тас үңгірі
54. Бассейн көлі
55. Шайтанкөл көлі
56. Сфагново батпақ учаскесі

## **Маңғыстау облысы**

### **Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы**

57. Босаға Көкөсем тауы
58. Қараған Босаға тауы
59. Қарамая тауы
60. Қарынжарық тауы
61. Көкөсем тауы
62. Кендірлі бұлағы
63. Өнере бұлағы

## **Павлодар облысы**

### **Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

64. Драверта үңгірі
65. Құмыра үңгірі
66. Әулие үңгірі
67. Қоңырәулие үңгірі
68. Әулиебұлақ бұлағы
69. Тілеубұлақ бұлағы
70. Айманбұлақ аңғары
71. Тас ғажайыптар аңғары
72. Рахай аңғары
73. Үшсала аңғары

## **Солтүстік Қазақстан облысы**

### **"Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

74. Айыртау гранит алқабы
75. Имантау гранит алқабы
76. Имантау көліндегі Казачий аралы
77. Көне гранит алқабы

- 78. Қазан жартасты шөгінділері
- 79. Қостау шоқысы
- 80. Шолғыншы шоқысы
- 81. Сүйір шоқы
- 82. Расколотая шоқысы

### **Оңтүстік Қазақстан облысы**

#### **Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы**

- 83. Кіші Қайыңды шатқалындағы сарқырама
- 84. Ақсу өзенінің каньоны
- 85. Көксай қақпасы
- 86. Әулие кен орны
- 87. Дарбаза қақпа жартасы

#### **Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы**

- 88. Келіншектау тауы
- 89. Мыңжылқы тауы
- 90. Аққұз өзенінің каньоны
- 91. Баялдыр өзенінің сағасындағы Ақтас үңгірі
- 92. Кеңөзен аңғарындағы Балақайың үңгірі
- 93. Бестоғай үңгірі
- 94. Қазанбұлақ бұлағы бар үңгір
- 95. Шарқойлы үңгірі
- 96. Хантағы өзенінің жайылмасы